

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. –	ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
Асылбекова М.П. –	педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
Атемова К.Т. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Албытова Н.П. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Сламбекова Т.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Жубакова С.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жукенова Г.Б. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Махадиева А.К. –	философия докторы (PhD), доцент м.а.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. –	председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
Асылбекова М.П. –	заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
Атемова К.Т. –	доктор педагогических наук, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	доктор педагогических наук, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	доктор педагогических наук, профессор;
Албытова Н.П. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Сламбекова Т.С. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Жубакова С.С. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Жукенова Г.Б. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Махадиева А.К. –	доктор философии (PhD), и.о. доцента.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, ст. преподаватель.

мен танысады. Сонымен қатар мінез-құлық стандарттарын, әлеуметтік мақұлданған мінез-құлықты үйренеді, басқаларға бейімделеді, қарым-қатынас жасайды, сезімдер мен эмоцияларын білдіреді. Егер ата-ана өз баласын қайталанбас ерекшеліктері бар тіршілік иесі ретінде қабылдай алатын болса, онда бұл оның өзіндік бейнесіне әсер етеді, өйткені ол өзін ерекше сезінеді, сондықтан өзіне де отбасы мүшелеріне де сенімді болады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халқына Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Астана, 2014. 17 қаңтар.
2. Шаукенова З.К., Соловьева Г.Г., Бурова Е.Е. Отбасы – Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы/З.К.Шаукенованың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. - 222б.
3. Пушкарёва Т.В., Швецова М.Н., Зуев К.Б. Семья, брак и родительство в современной России: монография. М. МГПУ. 2014. 280 с.
4. Колесов В.И. Семья как основа формирования личности в процессе воспитания в современном социуме//Ученые записки Санкт-Петербургского университета технологий управления и экономики. 2019. №1. - С. 5-9.
5. Шорстова О.В. Семья – как основа духовно-нравственного становления ребенка//Молодой ученый. 2016. №15. - С.526-529.
6. Науменко Н.М., Шаврыгина О.С. Педагогические ориентиры воспитания духовно-нравственных качеств обучающихся в семье и школе // Проблемы современного педагогического образования. 2019. №63-4. С. 191-194
7. Грязнова Е.В., Мальцева С.М., Азолова Ю.В., Ларина Т.В. Современные трактовки понятия "воспитание": семья, патриотизм и социализация // Карельский научный журнал. 2018. Т. 7. № 4 (25). С. 30-32.
8. Психология семьи и семейное воспитание: учебное пособие для вузов/Е.А. Соловьева. - Москва : Издательство Юрайт, 2020. - 255с.

ОТБАСЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС - БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРТЫ

Албытова Назымгүл Пышақбайқызы

nalbytova@mail.ru

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Жукенова Гульпара Балтабаевна

gulpara69@mail.ru

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Махадиева Асель Каратаевна

aselek2287@mail.ru

PhD, доцент м.а.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация. В данной статье раскрывается понятие буллинга в школьной среде. Выделены основные факторы школьников при травле. Особое внимание уделено необходимости профилактики данной проблемы в семье и создание условий недопущения буллинга. Важно, чтобы в семье были приняты достаточно открытые коммуникации между собой.

Annotation. This article reveals the concept of bullying in the school environment. The main factors of schoolchildren in bullying are highlighted. Special attention is paid to the need to prevent this problem in the family and create conditions to prevent bullying. It is important that the family adopts sufficiently open communication among themselves.

Ключивые слова: буллинг, травля, отношения, ценности в семье, профилактика буллинга.

Keywords: bullying, bullying, relationships, family values, bullying prevention.

Қазіргі уақытта буллинг мәселесі білім беру саласында жиі кездесетін қатыгездік, сенімсіздік, әлеуметтік теңсіздік, қоғамдық өзгерістерді түсіне алмау салдарынан туындайтын агрессияның көрінісі ретінде барған сайын өрістеп, алаңдатушылық тудыруда. Бұл білім беру ортасында балалар арасындағы қарым-қатынастағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық, қақтығыс, мәжбүрлеу, қорқыту, төменсіту сияқты сипаттардың алдын алуды мақсатты іске асыруды қажет етіп отыр.

Кез келген жағдаяттың алдын алу оның туындау себептерін анықтаудан басталады. Біз көтеріп отырған буллингтің туындау факторларын зерттеген ғылыми еңбектерде олардың сан алуан себептері анықталған.

Буллинг құрбаны басқа топ мүшелерінен өзгеше болмауы да мүмкін. Бұл жағдайда буллингке тән қудалаудың, кемсітудің, шеттетудің себептерін психология ғылымдарының докторы Наталья Рождественская баланың жәбірленушіге тән құрбандық мінез-құлқының болуы (адам өзін құрбан ретінде ұстайды); қоздырушының жеке қасиеттері; қоршаған ортасындағылардың мінез-құлқы; ұжымда немесе компанияда қалыптасқан жағдайлар деп тұжырымдайды. Ғалым буллингті "іші пысқан" және зиянды топтарда көрінуі мүмкін дегенді айтады. Мысалы, егер адам маңызды және қызықты жобаларды жүзеге асырумен айналысса, оның басқалармен араласып, себепсіз қарама-қайшылықтарға түсуге уақыты болмайды. Ал бірсарынды қайталана беретін мағынасыз монотонды өмірге бой алдырған адамдар команданың жаңа мүшесін мазақ ету арқылы «артық энергиясын шығаратын оңай жолды» іздеп тұрады [1].

Н.А. Ларченко ұсынған буллингтің себептерін олардың жиынтығы ретінде мынадай етіп көрсетуге болады:

- өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі;
- жоғары импульсивтілік;
- бала тәрбиесінің төмен деңгейі;
- ата-аналардың балаға немқұрайлы қарауы немесе гиперқамқорлығы;
- отбасының әлеуметтік - экономикалық жағдайының төмендігі;

- отбасылық жанжалдар;
- оқушының шығу тегі мен сыртқы келбеті туралы теріс пікірлер;
- есірткі қабылдау, алкоголь ішу, компьютерлік ойындарды теріс пайдалану;

- оқушының оқу үлгерімінің төмендігін/жетістігін сынып-мұқату;
- мазохизмге немесе садизмге бейімділік;
- отбасылық және жыныстық зорлық-зомбылық [2]. Қазақстандық зерттеушілердің бір тобы «баланың бойында нақты мынадай себеп агрессивті мінез-құлықты қалыптастырады деп айтуға болмайды. Әрбір әрекеттің артында бір себеп бар, ол балаға қаншалықты әсер ету күшімен байланысты салдарын көрсетеді»-дейді. Ғалымдардың пікірі бойынша оқушылар арасында буллингті тудыратын негізгі әлеуметтік факторлар мыналар болып табылады:

- Отбасылық қолайсыздық (әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі, ата-ананың ажырасуы (өгей шешесінің, әкесінің немесе қамқоршысының пайда болуы), отбасылық жанжалдар, жақын ортада агрессия көріністерін үнемі бақылау, отбасылық және жыныстық зорлық-зомбылық, гиперқамқорлық;

- Сыныптағы немесе мектеп ұжымындағы орта (сыныпта мойындалған «лидердің» болуы, оқушылар арасындағы өткір қақтығыс, мұғалімдердің арандатушылық мінез-құлқы (қорлау, мысқыл сөздер, қорқыту қимылдары және т.б.);

- Мектеп қызметкерлері тарапынан білім алушылардың мінез-құлқын бақылаудың болмауы (мысалы, оқушылардың билікке деген құштарлығына қарсы тұруға деген шараның болмауы);

- БАҚ арқылы зорлық-зомбылық туралы ақпараттарды тарату [3].

Жалпы, балалар ортасында буллингтің орын алу факторларын анық білу оның алдын алу жұмыстарын тиімді әрі уақтылы ұйымдыстыруға ықпал етеді. Педагогикалық-психологиялық тұрғыда практикада буллингтің алдын алудың түрлі формалары қолданылады:

- тұрақты коммуникативті іскерліктер мен дағдыларды, жанжалсыз қарым-қатынасты, еріктілікті, эмоционалдық интеллектті және т.б. қалыптастыру;

- тақырыптық әңгімелер;
- табиғатқа, мұражайларға, театрға, киноға және т.б. бірлескен сапарлар;
- сынып сағаттары;
- ата - аналар жиналыстары;
- пікірталас клубы;
- пікірталастар;
- ертегі тренингі;
- волонтерлік жоба;
- ұжымды біріктіру бойынша психологиялық тренингтер;
- ертегі терапиясы;
- ойын терапиясы;
- семинарлар.

Жобалық жұмыстар барысында жүргізген зерттеулер балалар ортасында буллинг сынды қауіп-қатердің негізгі себебі ересектердің – ата-ананың, педагогтердің балалардың анатомиялық-физиологиялық, психологиялық даму ерекшеліктеріне бүгінгі күн тұрғысынан тиісті мән бермеуінен деп тұжырымдауға әкелді. Мәселен, психология ғылымы жеткіншек жаста қарым-қатынас негізгі әрекет болып табылатындығын айтады. Ал түсініспеушіліктен туындайтын қорлау, кемсіту, сырттату, психологиялық қысым жасау сияқты қатыгездіктер жеткіншек жастағыларда жиі кездеседі және туындау негізі баланың қарым-қатынасқа түсе алмауы деп тұжырымдауға болады. Себебі, лидерлікке ұмтылыстың, өзін-өзі адекватты бағалаудың, агрессияға жауап берудің басқа жолын табу оқушыда қарым-қатынас жасау дағдыларының жоқтығы немесе аздығынан және ересектер тарапынан болатын зорлық-зомбылықтарды ашық айту, қорғану иммунитеттерінің қалыптаспауынан. Сәйкесінше, буллинктің алдын алуда жасөспірімдердің қарым-қатынас орната білу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне назар аудару керек. Әрине, баланың бас ұстазы ата-анасы болғандықтан, отбасында құндылықтарға негізделген қарым-қатынас кез келген қайшылықтардың алдын ала алады: бала өз ойын еркін жеткізеді, достары, аула балалары және сыныптастарымен болған жағдаяттар туралы үйде бүкпесіз айтып, дер кезінде көмек ала алады.

Қарым-қатынас адам өмірінде маңызды орынға ие ақпарат алмасудан, сондай-ақ серіктестердің бірін-бірі қабылдауы мен түсінуінен, тұлғааралық өзара әрекеттесуден тұратын күрделі процесі. Қарым-қатынас субъектілері - нақты адамдар. Негізінде, қарым-қатынас кез-келген тіршілік иелеріне тән, бірақ тек адам деңгейіндегі қарым-қатынас процесі саналы, вербалды және вербалды емес әрекеттермен көрініс табады.

Қарым-қатынастың коммуникативті (ақпарат алмасу, ақпарат беру, ақпарат тарату); интерактивті (ынтымақтастық, қарсылық, бұйыру, тығыз қарым-қатынас, компромисс); перцептивті (идентификация, эмпатия, аттракция, рефлексия) үш аспекті (жағы) болады.

Қарым-қатынасты әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырып, оның құрылымы, формалары мен механизмдерінің мазмұнын жетілдіру маңызды. Біз қарастырып отырған буллинктің алдын алуда қарым-қатынасты отбасында құндылықтар негізінде жетілдіруге аса мән беру қажет деп санадық. Әрине, баламен жұмыс барысында басшылыққа алатын принциптерден ауытқымау қажет. Мәселен, мынадай педагогикалық тәжірибені ұстану педагогикалық және психологиялық тұрғыда дұрыс деп қарастырамыз. Буллинктің алдын алу жұмыстарында педагог қызметкерлер Х.Джайноттың конгруэнтті коммуникация (сәйкес қарым-қатынас) әдісінің келесі принциптерін ұстанған:-суворовтықтарды бір-бірімен емес, кеше-бүгін-ертеңгі өз-өздерімен салыстыру; - "мен" оң имиджін сақтау; - оқушылардың жеке басын теріс бағаламай жағдайларды, іс-әрекеттерді және олардың салдарын талқылау; - ынталандыру, мадақтау және оқушылардың тәуелсіздігі мен бастамасын нығайту [4].

Құндылық - қоғамда қабылданатын жалпы түсінік. Белгілі бір мағынада ол адамды бақытты ететін стандарттар жиынтығын білдіреді. Невзат Тархан «адамның қабылдаған құндылықтары оған бақыт алып келуі үшін ол «биологиялық қызығушылық – құндылық – бақыт» формуласын орындауға тырысуы керек» деп тұжырымдайды. Буллингтің алдын алу немесе жағдайында баламен жұмыс жасау барысында басшылыққа алатын шарттарды алдын ала белгілеп алу қажет:

- Буллингке қатысушы (агрессор, жәбірленуші, бақылаушы) жан-жақты зерттеу, мінез-құлықтарындағы бағыт-бағдарын айқындау, әсіресе құндылық сипаттарын іріктеп алу;

- Әрбір баланың отбасы ықпалымен қалыптасқан құндылықтары негізінде оның әлеуметтік ортаға көзқарасы, ұжымға қарым-қатынасын қалыптастырудың нақты жоспарын құру, ұйымдастыру;

- Әрбір тұлғаның болмысы мен қызығушылықтарына, қабілетіне қарай әлеуметтік ортаға тарту, қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру;

- «Отбасы – бала (лар) – мектеп» тұтастығында бірыңғай тәртіп пен талап негізінде әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

Қорыта айтсақ, баланың өз ортасына жағымды қатынас жасай алуы, әлеуметтенуі, оның шиеленістерде оң шешім қабылдауы отбасында қалыптасқан қоғамдық ортаға деген құндылықты көзқарасынан тәуелді. Отбасындағы қарым-қатынаста баламен «обал», «сауап», «ұят» ұғымдарын баланың бойына сіңіру, «кесір», «қарғыс», «наласына қалу» сияқты қасіретті сөздердің адам өміріне ықпалы туралы түсініктерді санасына құю - жамандықтан сақтау құралы. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани білім берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген данышпан әл-Фарабидің сөзі адамды қалыптастыруда басшылыққа алатын негізгі құндылыққа негізделген шарт болмақ.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. <https://www.nur.kz/family/self-realization/1906538-bulling-chto-eto-i-kak-ego-preodolet/>
2. Костенко Е.С., Бакунович С.Ю. Психологические предпосылки буллинга. Лучшая студенческая статья 2017. 2017. С. 283-285
3. Асылбекова М.П., Атемова Қ.Т., Албытова Н.П., Махадиева А.К. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу технологиялары.-Астана.-«Булатов А.Ж.» ЖК, 2023.-129 б.
4. Программа Х. Джайнотта, Гуманистический подход - Задачи и виды деятельности психолога в образовании (studbooks.net)